Екінші мүмкін болатын механизм «алкголяттық» деп аталады, себебі реакция барысында бастапқы аралық интермедиат түрінде алкоксилді (алкоголятты) комплекс $(R^1O)PdXL_2$ (10) түзіледі деп болжанады. Механизмді келесі сұлба түрінде көрсетуге болады:

$$PdX_2L_2 \xrightarrow[-HX]{R^1OH} \underset{(10)}{(R^1O)PdXL_2} \xrightarrow{CO} \underset{(11)}{(R^1OCO)PdXL_2} \xrightarrow{RCH=CH_2}$$

$$(R^1OOC)Pd(RCH=CH_2)XL \longrightarrow (R^1OOC\text{-}CH_2\text{-}\underset{\displaystyle R}{\underset{|}{C}H})PdXL_2 \xrightarrow{R^1OH}$$

$$\longrightarrow R^1OOC\text{-}CH_2^{-}CH_2R + (10)$$

Мұндай механизмнің дәлелі карбалкоксилатты интермедиаттарды (10) бөліп алу болып табылады .